

Дәнді, майлы және мал азықтық дақылдар бағыты бойынша  
«Мақсары дақылын қор үнемдеуші технологиямен өсіру тәсілдері»  
тақырыбында

## ӨТКІЗІЛГЕН КЕҢЕС ТУРАЛЫ ЕСЕП

Өткізу күні:

«16» қазан 2023 жыл

Кеңесті өткізген орны:

Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылы «Аманжол» ШҚ

Эксперт:  Жусунбеков Е.К.  
(қолы)

Басқарма Төрағасы  
КЕАҚ «ҚазЕжӨШҒЗИ» ЖШС  Бастаубева Ш.О.  
қолы, М.П.






«Аманжол» ШҚ Алматы облысы, Жамбыл ауданы, Ұзынағаш ауылында орналасқан. Шаруа қожалық жалпы алғанда ылғалмен қамтамасыз етілген тәлімі аймақта орналасқан, жалпы жер көлемі 85 гектар көлемін құрайды. Оның ішінде 20 гектар көпжылдық шөп, 15 гектар жаздық бидай, 20 гектар мақсары және 30 гектар жаздық арпа дақылдары егілген. Шаруа қожалығының техникалық қамтамасыз етілуі: 1-дана КПГ-250 сыдыра жыртқыш, 2 -дана соқа, 1-дана КРН-4,6 культиваторы, 2- дана СЗС-3,6 тұқым сепкіші бар.

Шаруа қожалығында қазіргі таңда барлық жер өңдеу жұмыстарының 80 пайызы қор үнемдеуші технологиямен жүргізілуде. Оның ішінде қазіргі таңда мақсары дақылын өсіру бойынша 20 гектар жер қор үнемдеуші технологиямен жүргізілген. Жалпы 2022 жылы мақсары дақылының өнімділігі шаруа қожалығы бойынша гектарынан 12,5 центнерден өнім алынды. Ал биылғы жылы мақсары өнімділігі гектарынан 9 центнерден алынып 2022 жылмен салыстырғанда 3,3 центнерге төмен болды оның себебі ауа райының құрғақ болуына байланысты болды.

Шаруа қожалығында негізгі күрделі мәселе агроном, механизатордың жоқтығына байланысы агротехникалық жұмыстарды жүргізуде, дақылдарды себу уақытында, тыңайтқыштарды уақытымен беру кезінде, дақылдардың өсіп даму кезінде уақытымен арамшөптермен күресу кезінде кейбір агротехникалық жұмыстар кешіктіріліп қиыншылықтар туындап тұрады.

Сондықтанда ауыл шаруашылығы дақылдарынан сапалы әрі жоғары өнім алу үшін ауылшаруашылық дақылдарын себу кезінде агротехникалық іс-шараларды уақытылы әрі сапалы жасау міндет болып табылады.



1 сурет – «Аманжол» ШҚ басшысы А. Егизбаевқа кеңес беру кезеңі



Мақсары дақылынан жоғары өнім алу үшін негізгі шарт топырақтың құнарлылығы болып табылады; немесе табиғи түрде алғы егістер есебінен немесе минералды және органикалық тыңайтқыштарды қолданудың арқасында; екінші шарт-қолайлы ауа-райы жағдайлары мен ылғалмен қамтамасыз ететін өсіру технологиялары есебінен топырақтағы ылғалдың жеткілікті мөлшері, ал үшінші міндетті шарт-топырақтың құнарлылығына қарай өңдеуге қабілетті заманауи жоғары өнімді сорттар егу болып табылады.

Мақсары дақылын өсіруде топырақты минималды өңдеу негізінде ресурс үнемдейтін технологияларын енгізу егістіктерді тегістеуден және көпжылдық арамшөптерден тазартудан басталуы керек. Рельеф бойынша тураланған танаптарды пайдаланылатын агрегаттардың өнімділігі едәуір артады және жұмыс сапасы жақсарады. Мақсарыны негізінен ерте көктемде сәуірдің 1-ші онкүндігінде егу қажет, өсімдіктің қатар аралығы 45 см себу мақсарыдан жоғары өнім алу барысында ең оңтайлы себу тәсілі болып табылады, минералды фосфор тыңайтқыштарын тұқымды сепкенде бірге енгізу ұсынылды, ал азот тыңайтқыштарымен үстеп қоректендіру жұмыстары мақсары дақылының 4-5 жапырағы пайда болғанда беру қажет. Жалпы қорыта келгенде болашақта мақсары дақылы болсын және басқада ауыл шаруашылық дақылдары болсын, қор үнемдеуші технологиямен жұмыс істеу мәселелері біріккен түрде іске асырылып, қарқынды жұмыстар атқарылатын болды.

Жалпы шаруа қожалығына мынандай ұсынстар берілді:

1. Мақсары дақылын сеппес бұрын алдын ала аурулар мен зиянкестерге қарсы Табу (0,5 л/т) пратравителімен дәрілеу;
2. Мақсарының бұл аймақта себілетін сорты Ника сорты ұсынылды қатараралығы 45 см-ге себу нормасы 30 кг/га;
3. Мақсарының 4-5 жапырағы пайда болғанда арамшөптерге қарсы Пантера гербицидімен 1 л/га өңдеу керектігі ұсынылды;
4. Сонымен қатар мақсарының 4-5 және 14-16 жапырақтары пайда болғанда өсімдік қатар аралығын 45 см культиватормен механикалық өңдеу қажет;
5. Мақсары дақылын тікелей комбайнмен жинайды.

Сонымен қатар шаруа қожалығының жерлерінде басқа да дәнді дақылдардың себілуіне байланысты қосымша кеңес беріліп болашақта осы шаруа қожалығымен өндіріс пен ғылымды ұштастырып жұмыстар атқарылатын болады.



